

Түркістан облысының адами
әлеуетті дамыту
басқармасының Келес
ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімі



Коммунальное
государственное учреждение
«ОБЩАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №39
ИМЕНИ Л.ЖОЛДАСОВА»

№39 Л.ЖОЛДАСОВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»

коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Отдел развития
человеческого потенциала
Келесского района
человеческого потенциала
управления Туркестанской
области

БҰЙРЫҚ № 213
«28» 08 2023ж
Лесбек Батыр ауылы


№ 213 ПРИКАЗ
«28» 08 2023г
Село Лесбек Батыр

«1-қыркүйек білім күнін өткізу туралы»

Мектептің жылдық тәрбие жоспарына сәйкес және 2023-2024 оқу жылының 1-қыркүйек білім күні мерекесін атап өту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1-қыркүйек- Білім күні мерекесі *«Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт»* тақырыбы аясында мектеп базасында өткізілсін.
- 2.1-11 сыныптың жетекшілері өз сыныптарында 1-қыркүйек білім күні *«Мектебім-мейірім мекені»* тақырыбында алғашқы сабақтарын өткізсін.
- 3.Мектептің іс-шаралар өтетін алаңына 1-сыныпқа қабылданған оқушыларға салтанатты түрде *«Әліппе»* оқулықтары табыс етілсін.
- 4.Барлық сыныптың жетекшілері алғашқы сабағын өту барысында оқушы бойына тақырыпқа сәйкес білімге, еңбекқорлыққа ұмтылу туралы жан-жақты жеткізсін.
- 4.Жоғарыда аталған іс-шаралардың өтілуіне басшылық жасау жауапкершілігі директор орынбасары А.Жұманова, Е.Бөрібеков, С.Төрехановтарға жүктелсін.


Мектеп директоры:



У.Нысанбаева

Бекітемін:

Мектеп директоры:



У.Нысанбаева

«Білімнің басты құндылықтары: отаншылдық, білімге құштарлық, еңбекқорлық» тақырыбында 1- қыркүйек білім күні мерекесін өткізуге арналған іс-шара жоспары.

Қ/с	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауапты
1	Атқарылатын жұмыстың іс-шара жоспарын жасап бекіттіру.	28.08.2023 ж.	С.Төреханов
2.	Барлық сыныптарда 1-қыркүйек білім күні «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында алғашқы сабақтарын өткізу.	01.09.2023 ж.	Сынып жетекшілері
3	1-қыркүйек өтетін орында дайындау.	31.08.2023 жыл	А.Ескендеров, Е.Бөрібеков, Д.Майлашова.
4.	Мерекелік іс-шараның сценарийін дайындау.	31.08.2023 жыл	С.Төреханов, Д.Майлашова.
5.	«Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында өткізілетін алғашқы сабақтардың жоғары деңгейде өтуіне бақылау жасау.	01.09.2023 ж.	С.Төреханов, Е.Бөрібеков.
6.	Атқарылған іс-шаралардың қорытындысын жинақтау.	Дер кезінде	С.Төреханов, Е.Бөрібеков.
7	Іс-шара өтуі кезіндегі тәртіпті бақылау мақсатында кезекшілер бекіту.	01.09.2023 жыл	С.Төреханов, Е.Бөрібеков.

Орындаған: С.Төреханов

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ
ҚАРАСТЫ
«№39 Д.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ

Тақырыбы: «Мектебім-мейірім мекені»

2023-2024 оқу жылы





1-қыркүйек Білім күні «Мектебім-мейірім мекенім» тақырыбында алғашқы қоңыраудан көрініс



2023 жылдың қыркүйек айының 1-ші жұлдызында өткізілген
«Мектебім-мейірім мекені!» тақырыбында өткізілген салтанатты
мереке туралы

Анықтама

2023 жылдың қыркүйек айының 1-ші жұлдызында «Мектебім-мейірім мекені!» салтанатты жиыны өткізілді. Жиын таңғы сағат 9-00 де басталды. Жиын Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалуымен басталды. Салтанатты жиынға мектеп оқушылары, ата-аналар, ұстаздар, арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Жиын барысында мектеп директоры Нысанбаева Ұлжамал Талапбекқызы сөз алып жиналған көпшілікті жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Ардагер ұстаз Мастур апай және де Лаханов Уалихан ағайлар сөз алып, жас шәкірттерді оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтады. Өткен оқу жылына есеп беріліп, жаңа оқу жылындағы жаңа бастамалар жөнінде айтылды. Бірінші сыныпқа келіп, мектеп табалдырығын аттаған балғын шәкірттер өздерінің жыр шумақтарын арнап, үлкен аға-әпкелерінен сыйлықтар алды. Жиын барысында 1 «В» сынып оқушылары Тәжібай Мұхамадали, Базар Айсезім әсем әндерімен көрерменнің ыстық ықыласына бөленді, мектебіміздің домбыра үйірмесінің оқушыларының орындауында «Отырардағы той» әнін орындады. Мектеп ауласы жиынға орай баннерлер, шарлар, зонттармен безендірілді.

Барлық сыныптарда білім күніне орай сынып сағаттары өткізілді.

Орындаған: Д.Майлашова

**№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 5-11 сынып оқушыларымен Жол жолда жүру ережесі тақырыбында өткізілген жиналысының
№ 1 х а т т а м а с ы**

Ж
ау Қатысқаны: 499

18.09.2023 жыл

Күн тәртібінде:

М 1. «Жолда жүру ережесімен таныстыру» туралы.

(Хабарламашы: С.Төреханов, мектеп директорының орынбасары.)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Төреханов сөзге шығып, жалпы оқушылардың сабаққа келерде, қайтып кетердегі өмір қауіпсіздігін айта отырып соның ішінде жол көлік уақиғаларнан сақтанудың жолдарына тоқталды. Әсіресе Шымкент-Кетісай бағытындағы Республикалық маңызы бар үлкен жолдың арғы бетінен келіп оқитын оқушылардың үлкен жолдан өтердегі қауіпсіздігі туралы айтып өтті. Оқушылардың жолдан өткендегі қауіпсіздігінің ең негізгісі мектептің оқушылар өтетін орыннан өтуі керектігі ең негізгі екендігіне тоқталып өтті.

Мектептің ұйымдастырушы-педагогы Д.Майлашова сөзге шығып оқушылардың көлік айдау фактілері орын алмауы үшін үнемі бақылау жасалып отыратындығын ескертіп, анықталған жағдайда аталарына айып пұл салынатындығын айтып өтті.

Жарыс сөзге: 11-а сынып оқушысы Өсер Нұрбол шығып жастардың өздері және жоғары сынып оқушылары ретінде көшеде сабаққа келетін барлық оқушылардың өзіміздің іні-қарындас екендіктерін ескеріп, көшеде соларға қарайлап жүру біз жоғары сынып оқушыларына парыз деп айтып өтті.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Төреханов, Көгерту елді мекенінен асымалданатын 98 оқушының күнделікті тасымалданатын көлікке асығыс жүгірмеу, көлік тоқтап алмайынша жақындамау керектігін ескертті.

Ұсыныс жасалынды:

Оқушылар арасында Жолда жүру ережесі қатаң сақталу керек екендігі жалпы оқушыларға ескертілсін.
Көгерту елді мекенінен тасымалданатын оқушылардың көлік тоқтағанға дейін көлік маңына жоламау еректігі қатқ ескертілсін.

Жиналыс төрайымы:

У.Нысанбаева

Хатшысы:

У.Айхынбаева

Жиналысқа қатысушылар: Мектеп әкімшілігі, ата-аналар комитеті, АІБ ПБ ӘПБ ЮПТ КТІ инспекторы, ауыл билері.

Жалпы қатысқан ата-аналар: 322

Мерзімі: 15.09.2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. «Жол қауіпсіздігінің алдын алуда ата-аналардың қызметі» тақырыбында.

(Хабарламашы: С.Төреханов, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)

2. Оқушылардың сабаққа, мектепке ұялы телефон алып келуінің алдын алу туралы.

(Хабарламашы: Е.Бөрібеков, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)

1. Бірінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Төреханов сөзге шығып, оқушылардың амандығы барлығымыз үшін қымбат екендігін, сол үшін оқушылардың сабаққа келерде, қайтарда жол қауіпсіздігінің алдын алу бағытында бірлесіп жұмыс жүргізу керектігімізді және ата-ана ретінде көлігі барлар баласына көліктерін бермеу керектігін айтып өтті. Соңғы уақытта елді мекен ішінде жүйткіген көліктердің көбейгені оқушылардың келіп кету кезіндегі қауіпсіздігіне қауіп қатер тудыруда екендігін негізге алып, оқушыларға ата-аналарға жеке-жеке жиналыс өткізіп түсіндіру жұмыстары жүргізілгендігін айтып өтті.

Жарыс сөзге: Келес АІБ ПБ ӘПБ ЮПТ КТЖ инспекторы полиция капитаны М.Алдабергенов шығып, бала өміріне баршамыз жауапты екендігімізді айтып өтіп, түнгі профилактикалық іс-шаралар кезінде себепсіз көшеде жүрген оқушылардың кездесетіндігін, сол оқушыларды ата-аналары өзім құмсадым т.б түрлі сылтаулармен қорғаштайтындығын айта келе, бұл тірлік баланың білгенін істеп үйренуіне жол ашатындығын, ата-ана мен мектеп балаға бірдей талап қойған жағдайда балалардың тәртібін түзетуге өз септігін тигізер еді деп айтып өтті.

2. Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Бөрібеков сөзге шығып, оқу-тәрбие жүйесіне, оқушылардың қалыпты білім алуына, түрлі оқушылар арасындағы ерегістер мен қылмыстың түрлері сабақтан тыс уақытта ұялы телефон (смартфон, планшет т.б) арқылы шығып жатқандығын айтып өтті. Осы бағытта ата-аналар тарапынан ұялы телефонды мүмкіндігінше оқушыларға сабақтан тыс уақытта ұстатпастан қалыпты білім алуына жағдай жасаса деген сыныс айтты.

Жарыс сөзге: Ата-аналар комитетінің төрайымы Р.Мусабекова шығып, ұялы телефон арқылы оғамда болып жатқан қылмыстарға тоқталып, ата-аналар өз перзенттеріне телефонды сабақтан тыс уақытта, түнгі уақытта берместен күнделікті қадағалап отырса ұстаздар қауымына қала берді өз ұлының елешегіне үлкен үлес қосқаны болар еді деп айтып өтті.

Қаулы етеді:

Оқушылар арасында Жолда жүру ережесін насихаттау, түсіндіру жұмыстарына ата-аналарда тартылсын. Ата-аналарға балаларына (смартфон, планшет т.б түрлерін) сабаққа қажетсіз уақытта бермеу керектігін, таң қадағалау, артық қаржы бермеу жағы ескертілсін.

Жиналыс төрайымы:

У.Нысанбаева

Хатшысы:

Ж.Алипова



«Абайлаңыз балалар» жолда жүру ережелерін оқушыларға таныстыру барысында



№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ

Мектепішілік «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» жасөспірімдер мен балалар ұйымының №1 отырысының

ХАТТАМАСЫ

Қатысушылар: ұйым мүшелері



Өтетін күні: 7.09.2023ж

Күн тәртібінде:

1. «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» жасөспірімдер мен балалар ұйымының мақсат-міндеттері және бағыттарымен таныстыру.
2. 2023-2024 оқу жылына ұйым белсенділерін сайлау.

Қыркүйектің 7-сі күні «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» жасөспірімдер мен балалар ұйымының алғашқы отырысы болды. Отырыс барысында ұйымның мақсат-міндеттерімен таныстыра отырып, жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспары және ұйымның жаңа басшыларын қайта сайлау болды. Мектепішілік жасөспірімдердің қалауы бойынша, 2023-2024 оқу жылында пән олимпиадалардың жеңімпазы Арай Нұрматхан «Ұлан басы» болып сайланды. Ал, сынып топ басшылары жайлы сынып жетекшілер мәлімет берді.

Хаттаманы толтырған:  Кушаева Гульнар



«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Мақсаты: ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм

рухында тәрбиелеу мақсатында республика бойынша барлық өңірлерде «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру.

Міндеттері: жасұландықтардың қоғамдық белсенділіктерін дамыту; оқушылардың танымдық қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру; оқушыларды қоғамдық пайдалы шараларға тарту;

«Жас Ұлан» ұйымы қызметінің бағыттары:

Отан – елін, жерін құндылықтарын сүйу, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты;

Зерде – интеллектуалдық даму, зерделі түрде алдына мақсат қоя білу, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты;

Руханият – оқушыларды жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік көркем-эстетикалық қасиеттерге тәрбиелеу, волонтерлік қызметті дамыту бағыты;

Салауат – салауатты өмір салтын ұстануға, спортпен шұғылдануға бағыт беру, денешынықтыру мәдениеті мен психикалық денсаулығын қалыптастыру бағыты;

Еңбек – мектеп қабырғасынан кәсіби мамандыққа бағдар беру, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту, еңбекке деген құрметті сіңіру бағыты;

Экоәлем – қоршаған ортаны аялауға, жан-жануарларға қорған болуға, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын бағыт;

Жеті жарғы – құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жас азаматтарға өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге арналған бағыт.

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Денсаулық күніне орай 1-11 сынып оқушылары арасында «Денсаулық челленджі» өткізу туралы

АНЫҚТАМА

«Денсаулық челленджіне» мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары және ұстаздары қатысты.

Максаты: Салауатты өмір салтын сақтау, оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінік беру.

Денсаулықтың негізгі қимылы, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Өзін-өзі күте білуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, әдемілікті, сұлулықты сезіне білуге баулу.

Орындаған: Д.Майлашова



Денсаулық челледжінен көрініс



№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Отбасы күніне орай 2-11 сынып оқушылары арасында «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» тақырыбында суреттен жарыс өткізу туралы

Мәлімет

Отбасы күніне орай Көркем сурет пәні мұғалімі Е.Сырманов және ұйымдастырушы педагог Д.Майлашованың ұйымдастыруымен «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» тақырыбында 2-11 сынып оқушылар арасында сурет салудан жарыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың сауатты сурет салуға үйрету. Сурет салудың заңдылықтарына баулу. Табиғат пен өнердегі сұлулықты түсіне білу.

Жарыстың нәтижесінде

I-Тұрғанбай Нұрғайша

II-Орынбасар Сағыныш

II-Жүсіпбек Назым

III-Қадірберген Інжу

III-Әлібек Жансұлу орындармен марапатталды.

Орындаған: Д.Майлашова



Сурет салу жарысынан көрініс



«Сыр мен сымбат» қыздар клубының «Құқық бұзушылық алдын алу» тақырыбында өткізілген қыздар жиналысының **ХАТТАМАСЫ**

Қатысушылар: 8-11 сынып қыздары, қыздар клубының жетекшілері, Келес АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ полиция майоры Есенқұлова Эльмира, медбикелер және психологтар қатысты.

Барлығы:

Қатысқаны: 387

Мерзімі: 18.09.2023ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Қыздарға «Құқық бұзушылық алдын алу» жайында түсінік беру.
2. Әр сынып қыздар арасынан клуб мүшелерін сайлау.
3. Әртүрлі мәселелер.

Қыздар кеңесінің төрайымы К.Мырзалиева қыздармен сәлемдесіп, бүгінгі «Құқық бұзушылық алдын алу» тақырыбында жиналысты ашып берді. Келес АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ полиция майоры Есенқұлова Эльмира сөз алып қыздармен кәзіргі таңда қоғамда болып жатқан өзекті мәселелер туралы айтты. Өмірде бақытты өмір сүрудің жолдарына кеңінен тоқталып өтті. Әр бір мектепте өткізіліп жатқан құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбында өткізіліп жатқан жиынның мақсаты тек қана жастардың болашағы екендігіне тоқталып, жастардың келешектегі бақытты өмір сүруі үшін жағдай жасалып жатқанына тоқталды. Сөз кезегін мектептің психологы Гүлжәніс Оспанова алып қыздарға қоғамдағы өзекті мәселенің бірі «Ерте жүктілік», зорлық-зомбылық қыз балалар арасында болып жатқан әлім жеттік туралы біраз мағлұматтар айтып өтті. Мектептің ұйымдастырушы-педагогы Динара Майлашова қыздарға мектептің ішкі-тәртібі жөнінде айт өтті. Мектеп формасы, шаш үлгісі, жүріс тұрысы туралы айтып өтті. Мектеп медбикесі Әйгерім Султанова қыздардың жас ерекшелігіне орай адам организмі өзгеріп отыратындығын әдетте бұл 12-14 жас аралығында болатындығын айтып өтті. Сол кезеңде қыздар өзін-өзі қалай күту керектігі жайлы кеңестер берді. Қыздардың өзін-өзі ұстауы, жүріп тұрысы, инабатты, ибалы, болуына тәрбиелеу. Қыздардың ішкі сұлулығы мен сыртқы сұлулығы бір-бірімен астасып жататындығын, сонымен бірге мінезі көркем болу керектігін жайлы айтылды.

Ұсыныстар:

1. Әр сыныптың қыздар клубының мүшелері өз міндеттерін атқарсын.
2. Қыздар гигиенасын қатаң түрде сақталсын.
3. Қыздар мектептегі қыздар клубының төрайымы Г.Мырзалиевамен мектеп психологтарымен, сынып жетекшісімен тығыз байланыста болсын.

Мектептің қыздар кеңесінің төрайымы:
Хатшы:

Г.Мырзалиева
Д.Майлашова

**№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
8-11 сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында өткізілген
жиналысының
№ ХАТТАМАСЫ**

Барлығы:

Қатысқаны: 247

18.09.2023 жыл

Жиналысқа қатысушылар: 8-11 сыныптың ер балалары, мектеп әкімшілігі, М.Алдабергенов, Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы политция капитаны)

Күн тәртібінде:

1. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама.

(Хабарламашы: М.Алдабергенов, Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы политция капитаны)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша **М.Алдабергенов**, Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы политция капитаны сөзге шығып «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында және оның барысында көптеген іс-шаралардың өтіп жатқандығына тоқталды. Өмірде бақытты өмір сүрудің жолдарына кеңінен тоқталып өтті. Әр бір мектепте өткізіліп жатқан құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбындағы жиындардың мақсаты тек қана жастардың болашағы екендігіне тоқталып, жастардың келешектегі бақытты өмір сүруі үшін жағдайдың жасалынып жатқандықтарына тоқталды.

Жарыс сөзге мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **С.Төреханов** шығып бұл өткізіліп отырған жиынның біздің оқушыларға берер әсері мол болатынын атап өтіп, 8-11 сынып оқушылары арасында мектепте құрылған мобильдік топпен үнемі тойханалар мен адамдар көп шоғырланатын жерлерге рейд жасап тиісті жұмыстар атқарылып жатқандығын айтып өтті.

М.Алдабергенов, Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы политция капитаны ата-аналардың мектеппен тығыз байланыстылығын негізге алып үнемі сабаққа 2 күн қатарынан келмеген оқушылардың себеп салдарын анықтап, қажет болған жағдайда бізге кез-келген уақытта хабарласып көмек сұрауларына болатындығын айтып өтті.

Қаулы етеді:


1. **М.Алдабергеновтың** (Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы политция капитаны) «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында оқыған баяндамасы назарға алынсын.

Жиналыс төрайымы:

У.Нысанбаева

Хатшысы:

Д.Майлашова



№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1-қазан «Қарттар күніне» орай ерікті оқушылардың қарт кісілердің үйіне барып үй жұмыстарына қолқабыс жасауы туралы

Мәлімет

«Қарты бар үйдің, казынасы бар» деп 1-қазан күні мерекеге орай ұйымдастырушы-педагог Д.Майлашова және тәлімгер У.Айхынбаева мен бірге 9б-сынып оқушыларымен, мектебіміздің ардагер ұстазы Оразымбетов Сүндет ағайды мерекемен құттықтап барып және де оқушылар үй жұмыстарына, сырттағы қора-копсықтарын ауласын тазартуға қол қабыс жасады. Сонымен бірге көптеген ардагер ұстаздарымызды мектеп оқушылары сынып жетекшілірімен біргелесіп барып мерекемен құттықтап қайтты. Қарт ұстаздарымыз өз ризашылығын білдіріп, оқушыларға батасын берді.

Орындаған: Д.Майлашова



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ
ҚАРАСТЫ
«№39 Л.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ

Тақырыбы: «Ұстазым, ұлағатым үлгі- өнегем»

2023-2024оқу жылы

2023 жылдың қазан айының 5-ші жұлдызында №39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұстаздар күніне орай «Ұстаз- ұлы тұлға!» тақырыбында өткізілген мерекелік іс-шараның

Мәліметі

2022 жылдың қазан айының 5-ші жұлдызында №39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орталық алаңында ұстаздар күніне орай сағат 08-00де «Ұстаз-ұлы тұлға!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шараға мектеп ұстаздары, қонақтар, шәкірттер қатысты. Мектеп директоры Нысанбаева Ұлжамал Талапбекқызы сөз сөйлеп, ұстаздарды мерекемен құттықтады. Мерекелік іс-шарада ұстаздарды құрметтеп сыйлықтар беріліп қошемет көрсетілді. Орталық алаң баннерлермен, шарлармен, гүлдермен безендірілді. 7-сынып қыздарынан құралған «Көзайым» тобы мың бұралған билерімен баршаны тәнті етті. МАД тобының оқушылары Қасым Әмина, Жарылқасын Сезім «Ұстаз ана» әнін мен көрермендерді тәнті етті. Соны мен қоса 4-сынып оқушыларынан құралған «Еркеназ» тобының қыздары өздерінің әдемі билерімен тәнті етті. Мерекелік іс-шараны ұйымдастырушы-педагог Д.Майлашова өнерлі шәкірттерді дайындаса Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мерекелік кештің өтуіне біргелесе атсалысты. 7«Ә» сыныбының оқушысы Бақыт Аделя «Мың алғыс, саған ұстазым» әнімен өз өнерін көрсетті. Мерекелік іс –шара барысында ұстаздарды билетіп көңілдеріне шаттық сыйлады.Мерекеге орай мектеп шәкірттері таңертең мұғалімдерді қошеметтеп, таңғы тілек, әуезді әндерімен қуантты. Мектеп ауласына кірген жерден бастап қолдарында гүл, шарлар ұстаздар қауымын зор қошеметпен күтіп алды. Жас шәкірттердің дайындауымен видеороликтер түсіріліп, құттықтаулар оқылды. Таңғы тілек, көтеріңкі көңіл, ыстық ықылас ұстаздардың мерейін үстем етті.

Дайындаған: Д.Майлашова



Анықтама

МЕКТЕБІМІЗДЕ "ДУБЛЁР КҮНІ" ӨТКІЗІЛДІ "МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ" МҮШЕЛЕРІ ҰСТАЗДАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін коммуналды мемлекеттік мекемесінде ҚР оқу – ағарту министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығының 2022 жылдың 24 тамыздағы №15-53/328 хаты, №39 Л.Жолдасов мектебі «Әдістемелік орталығының» 05.09.2023ж. №1170 бұйрығына сәйкес мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» өткізді.

"Мектеп Парламенті" мүшелері мектебіміздегі барлық сыныптардың топбасшыларымен бірлесе жоспар құра отырып, ұстаздар қауымының көңіл-күйлерін көтеріп, жүректерін нұрға толтырды. Парламент мүшелері таңертен мектеп оқушыларын қарсы алып, Қазақстан Республикасының Әнұранын орындап, ұстаздарды қарсы алып, мектеп әкімшілігінің, ұстаздардың атқаратын жұмыстарын өздері жасады.

"Мектеп Парламенті" президенті Құрбаналі Батырбек өз көмекшілерімен бірге мектебіміздің директоры Нысанбаева Ұлжамал Талапбекқызының бастамасымен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Төреханов Сейітнәби Сейітханұлының жетекшілігімен ұстаздардың бір күнін шаттыққа толы ету үшін жұмыс жасады.

Жас жеткіншектердің шығармашылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін, коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында атқарылған жұмыстар өзінің оң нәтижесін берді.

Мектептің мектептің орталық алаңы мерекелік кешке арналып безендіріліп, мектеп көркем өнерпаздары ұстаздарының құрметіне өз өнерлерін ортаға салды.

"Мектеп Парламенті" президенті Құрбаналі Батырбек, парламент мүшелеріне ұстаздарына тамаша көңіл-күй сыйлай білгендігі үшін шексіз алғыс айтамыз! Жаксылыққа толы жақсы күндерің көп болсын, әлемді өзгертуге келген біздің білімді шәкірттер!

Орындаған: Д.Майлашова



АНЫҚТАМА

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналық мемлекеттік мекемесінде қазан күні мектебіміздің «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушыларының арасында жәрмеңке өткізілді. Жәрмеңкеге оқушылар түрлі тәттілер пісіріп әкелген соны мен қоса пән мұғалімдері көнерген тағам түрлерін пісіріп әкеліп көпшілікке дәм татқызып тәтті етті. Жәрмеңкеге көптеген ата-аналар келді, мектеп мұғалімдері және де оқушылар өздеріне ұнаған тәттілерін қол жетімді бағада алып мәз мейрам болды. Жәрмеңке соңында қатысқан 17-сыныптың арасынан ең көп тәттілер салып, белсене қатысқан төрт сыныптың оқушылары марапаттады.

Дайындаған:

Д.Майлашова

